

*«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»  
мәселе бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің  
пленарлық отырысындағы  
ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы  
Астана қ., 2023 жылғы 1 қараша*

**Құрметті Ерлан Жақанұлы!**

**Құрметті депутаттар!**

2023 жыл бойы макроэкономикалық жағдай геосаяси шиеленіс пен әлемдік нарықтардағы құбылмалылық аясында дамып келеді.

Дейтұрғанмен, **Қазақстанда** қазіргі экономикалық жағдай тұрақты және оң динамиканы көрсетіп отыр.

1) **Жалпы ішкі өнім** осы жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында **4,7%-ке** артты.

2) Негізгі капиталға салынған **инвестициялар** биыл 9 айда **12,1%-ке** өсті.

3) **Жылдық инфляция сегіз ай қатарынан** төмендеп келеді. Оның қазіргі деңгейі ақпан айындағы **21,3%-тен** – қазан айының қорытындысы бойынша **10,8%-ке** дейін немесе **2 есе** төмендеді. Инфляцияның төмендеуіне сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуі, сондай-ақ Үкіметтің нақты шаралары мен Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты ықпал етті.

**Азық-түлік инфляциясы 10,4%-ке** дейін баяулады. **Азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы, 11,1%-ке** дейін төмендеді. Қазан айында **қызметтер бағасының өсімі 11,0%-ті құрады.**

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер

инфляциясының жоғары көрсеткіштері жанар-жағармай мен тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифіне реттелетін бағаларды реформалауға байланысты.

Біздің болжам бойынша, инфляция қазіргі мәнінен 2024 жылдың соңында **8%-ке** дейін, ал 2025 жылы – **орта есеппен 6%-ке** дейін баяулайды. Кейін мақсатты **5%-тік** деңгейде сақталады.

Ұлттық Банк инфляцияның біртіндеп тұрақтанып келе жатқанын ескере отырып, **тамыз** бен **қазан** айларында базалық ставканы, екі рет **16,75%-тен 16%-ке** дейін төмендетті.

Сонымен қатар мынадай **жекелеген факторлар мен тәуекелдерге** назар аударған жөн.

**Біріншіден, сыртқы** сектордағы факторлар: әлемдегі базалық инфляцияның орнықты болуы, кейбір сауда-серіктес елдер тарапынан инфляциялық қысымның артуы, мұнай бағасының жаһандық инфляцияға әсері және геосаяси тәуекелдердің күшеюі, оның ішінде Таяу Шығыстағы қалыптасқан жағдай.

**Екіншіден,** инфляцияның **ішкі** факторлары: фискалдық ынталандыру, орнықты ішкі сұраныс және жоғары инфляциялық күтулер. Сонымен бірге, реттелетін бағаның өсуінен қайталама әсердің тәуекелдері.

Жалпы бағалардың қазіргі өсу қарқыны, яғни, қазандағы айлық инфляция – **0,7%** құрап, біздің таргеттен әлі жоғары қалыптасуда.

Инфляцияны ауыздықтау – экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықтың басты шарты болып табылады. Қымбатшылық, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал санатына теріс ықпал етеді. Бұл – осы азаматтарға қосымша салынатын салық. Сондықтан Ұлттық Банк инфляцияны тұрақтандыру – ең басты міндет деп санайды.

Осы міндетті басшылыққа ала отырып, Ұлттық Банк инфляция динамикасы мен мемлекет дамуының өзге де макроэкономикалық параметрлерін қадағалап, ақша-кредит саясаты бойынша жан-жақты сараланған, теңгерімді шешімдер қабылдайтын болады.

### **Құрметті депутаттар!**

Біз Үкіметтің фискалдық, сауда, өнеркәсіптік және өзге де саясаттарын, Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатымен тығыз үйлестіру мақсатында Үкіметпен бірлескен жұмысты жалғастырамыз.

Осындай ортақ жұмысымыз, инфляцияның ортамерзімді **5%**-тік деңгейіне қол жеткізуге және қазақстандықтардың әл-ауқаты өсуі үшін қолайлы макроэкономикалық жағдай жасауға ықпал етеді деп сенеміз.

**Назарларыңызға рахмет!**